

БӨЛІМ: САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫ

Ғажайыпстанға Саяхат

ЖАРИЯЛАНДЫ
22.05.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/75135/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Ғажайыпстанға Саяхат Мақсаты: Б: Балаларға шығарманы тыңдай отырып, елестету арқылы сурет сала білуге үйрету. Жаңа, дәстүрден тыс технологияны қолдана білу. Д: Эстетикалық, шығармашылық қабілеттерін, саусақ бұлшық еттерін дамыту. Т: Ұқыпты...

Ғажайыпстанға Саяхат

Мақсаты:

Б: Балаларға шығарманы тыңдай отырып, елестету арқылы сурет сала білуге үйрету.

Жаңа, дәстүрден тыс технологияны қолдана білу.

Д: Эстетикалық, шығармашылық қабілеттерін, саусақ бұлшық еттерін дамыту.

Т: Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: Альбом, түрлі-түсті гуашь, картоп, пекинская капуста, акварель .

Ұйымдастыру сәті:

1. Балалар кіріп ортаға шеңбер құрайды.

2. Шаттық шеңберін айтады.

Бақшамызға барғанда,

Жолыққан бар жандарға

Ертемен ақ, пейілмен

«Қайырлы таң»-деймін мен

Күндіз де елді елеймін

«Қайырлы күн» тілеймін

Топқа келген қонақтарға

«Сәлеметсіздер ме»- деймін мен

(Осы кезде жерден қар тауып алу)

Тәрбиеші: Балалар мынау не?

Балалар: Бұл — қар.

Тәрбиеші: Оның түсі қандай?

Балалар: Қардың түсі ақ.

Тәрбиеші: Балалар қар қай жыл мезгілінде болады?

Балалар: Қар қыс мезгілінде болады.

Тәрбиеші: Ал қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Қазір қыс мезгілі.

Тәрбиеші: Дұрыс, ал қыстың қандай ерекшеліктерін білесіздер?

Балалар: Күн суытады, қар жауады, аяз болады.

Тәрбиеші: Балалар, ал сендер жылы, үнемі күн шығып тұратын, қызыққа толы елге барғыңыз келе ме?

Балалар: Әрине.

Тәрбиеші: Олай болса, бәріміз ғажайып елге аттанайық.

(Кенеттен топқа ханшайым кіріп келеді)

Ханшайым: Сәлеметсіңдер ме балалар

Тәрбиеші: Сәлеметсіз бе, сіз кімсіз?

Ханшайым: Мен жыл мезгілдерінің ханшайымымын, сендер ғажайыпстан еліне саяхатқа барасыңдар деп естіп келдім, Ғажайыпстан еліне жету үшін менің тапсырмаларымды орындауларың керек.

Тәрбиеші: Балалар не істейміз, орындаймыз ба?

Балалар: Иә

Тәрбиеші: Жақсы біз тапсырмаңызды орындауға келісеміз

Ханшайым: Олай болса мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп отыр

Жұмбақ

Бұлттар төніп,

Жерге төгіп

Дымқыл тұман басады

Шөп сарғайып,

Өңі тайып

Дала сұры қашады

Ойнай алмай

Денең мұздап, тоңады

Айтыңдаршы балалар

Бұл қай кезде болады?

(Дайын ағашқа сарғайып түсіп жатқан жапырақтарды картоппен басып салады)

Картоппен сурет

Ханшайым: жарайсыңдар балалар бірінші тапсырмадан тапжылмай өттіңдер, келесі тапсырмаға кейк, қазір жылдың қай мезгілі екенін кім айтады? Маған қазіргі мезгіл туралы әңгімелеп беріңдер.

Балалар: қазір қыз мезгілі. Қыста қар жауады, күн суық болады, адамдар қалың киінеді.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар олай болса қысқы ағаш суретін салуға қалай қарайсыңдар, саламыз ба?

Балалар: Иә

Тәрбиеші: Мында қыстың бейнесі дайын тұр екен, бізге тек қана ағаштың бейнесін салу керек, ол үшін бізге ақ түсті гуашь пен орамжапырақ керек. Орамжапыраққа ағаш бейнесін салып, дайын тұрған қыстың бейнесіне басамыз.

Тәрбиеші: Ал ханшайым біздің балалардың жұмысы ұнап жатр ма?

Ханшайым: Иә жарайсыңдар балалар!

Тәрбиеші: Балалар сендер шаршап қалған шығарсыңдар, келесі тапсырманы орындамастан бұрын бір сергіп алайық

Сергіту сәті:

Видео

Ханшайым: Балалар менің сендерге тағы бір жұмбағым бар

Жұмбақ:

Қар тоң еріп

Су көбейіп

Сай-салаға ағады

Бүршік шашып,

Жапырақ ашып,

Гүл бәйшешек басады?

Ханшайым тамаша балалар сендерге жасырар тағы жұмбағым бар шешесіңдер ме?

Көл туралы жұмбақ

Ал балалар айтыңдаршы бұл қай кезде болады

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, олай болса біз сыйқырлап көрейк. Қазір сендермен көлдің суретін салайық не шығатынын бақылап көрейк.

(акварельмен жұмыс)

Тәрбиеші: Балалар салған суреттерің де не көріп тұрсыңдар?

Балалар: Балық , шөп

Тәрбиеші: жарайсыңдар өте тамаша

Ханшайым: Балалар сендер өте өнерлі екенсіңдер ал енді айтыңдаршы балалар сендерге жаз мезгілі ұнайды ма? Сендерге жаз не себепті ұнайды?

Балалар: Жазда күн ыстық, жеңіл киінеміз, күннің көзі шығып тұрады

Ханшайым: Балалар сендер күннің көзін жақсы көресіңдер ме?

Балалар: Иә

Тәрбиеші: Балалар қараңдаршы мына күннің көзінің шуақтары жоқ екен, күннің шуақтарын саламыз ба? Олай болса алақандарымызды бояуға малып күннің шуақтарын жасаймыз.

Тәрбиеші: Міне балалар біз тапсырмаларды орындап отырып, ғажайып елгеде жетіп қалыппыз. Қараңдаршы қандай тамаша

Ханшайым: Иә, балалар сендер өте өнерлі балалар екенсіңдер менің бар тапсырмамды орындап бердіңдер сендерге рахмет

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар

Ханшайым: Балалар менің сендерге арнаған тосын сыйым бар, көргілерің келе ме? Олай

болса көздеріңді жұмыңдар алмен қазір сиқырлы таяқшаммен сыйқырлайын.
(сыйлық алып шығады)

Тәрбиеші: Осымен біздің сабағымыз аяқталды, келген қонақтармен қоштасайық.

Балалар: Сау болыңыздар!

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.